

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Бағдаршам

ЖАРИЯЛАНДЫ 08.05.2022	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/120156/
--------------------------	--	---

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.

№16 «Аққайың» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Жумагалиева Шамша Камшатовна

«Бағдаршам» тақырыптық сағат

Мақсаты:

Ойынды тәрбие құралы ретінде пайдаланып, бала сезімін кеңейтіп, тілін ұштастырып, жол ережесін жасына сай меңгерту. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: рульдер, белгілер, жол белгілерінің суреттері, бағдаршам.

Барысы:

Тәрбиеші:

Ойын сауығымызды жұмбақпен бастайық

Аяғы бар жүрмейді,
Аузы жоқ сөйлейді. (Бағдаршам)

Жүргізуші:

—Дұрыс, айтасыңдар.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.

Бағдаршамның қызметі жол тәртібін реттеуші.

— Бағдаршам сендерге хат жіберіпті, ашып көрейік, не жазыпты?

Ойын: «Бағдаршам» құрастыр

Ойынның шарты: Балалар барлығы бағдаршам құрастырады.

Жүргізуші:

Балалар жүргіншілер мынадай сұрақ қойыпты.

- Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?
- Жиек жолмен жүреміз.
- Жиек жол болмағанда ше?
- Жер асты жолымен.
- Жолдың қай жағымен жүру керек?
- Оң қол жақпен жүреміз.

— Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?

— Аялдамадан отырамыз.

Тәрбиеші:

— Өте жақсы, бағдаршамның берген сұрақтарына жақсы жауап бердіңдер. Енді, бағдаршамға арнап тақпақтарымызды айтайық.

Аяулым:

Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ үш сөзін,
Тоқта,сақтан, жол ашық.
Жүрме жолға таласып,
Қызыл көзін ашқанда
Сынық сүйем баспа алға.

Нияз:

Қызыл жанды,тоқтағын,
Көрдің жұрттың тосқанын.
Сары жанды дайындал,
Айналаңа қарап ал,
Жасыл жанды, тыңдағын,
Жолың ашық, тұрмағын.

Нурали:

Мен көшеден өтерде,
Бағдаршамға қараймын.
Қоймаған ғой бекерге,

Жәрдемшісі ол талайдың.

Тәрбиеші:

— Балалар, бағдаршам сендерге ойын әкеліпті.

Ойын: «Бағдаршам».**Ойынның шарты:**

Бір бала бағдаршам болып, бағдаршамның қызыл, сары, жасыл көзін кезекпен көрсетеді.

Қызыл көзін көрсеткенде,

Балалар қозғалмай тұрады.

Сары көзін көрсеткенде,

Балалар қол шапалақтайды.

Жасыл көзін көрсеткенде,

Балалар орындарында тұрып жүреді.

Қорытындылау:

— Балалар, бүгін немен таныстық.

— Бағдаршаммен.

— Бағдаршамның неше көзі бар?

— Үш көзі бар.

— Қандай түсті шамдары бар?

— Қызыл, сары, жасыл.

— Көшелерден белгіге қарамай жүгіріп өтуге бола ма?

— Жоқ.

— Ал, көшенің қай жерімен өтуге болады?

— Ала сызықты жерінен.

Марапаттау

Балалардың белсенді қатысқандарын мадақтау, сыйлықтар беру.

Сау болыңыздар!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.